

"Шығыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешені саласындағы инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы"
Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 98 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 264 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 қазанда № 3071 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 382 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 15.12.2016 № 382 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 10-1) тармақшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шығыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешені саласындағы инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 98 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 2574, 2012 жылғы 1 маусымдағы № 63 (16692) "Дидар", 2012 жылғы 2 маусымдағы № 63 (19203) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланды) мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Шығыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешені саласындағы инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидасында:

4 тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) ауылшаруашылық өндірісіне рационализаторлық әзірлемелерді енгізу бойынша қызметтер;"

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Сапарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК